


МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА КӨПТІЛДІ МАМАН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Төребаева К.Ж.

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті*

Қазіргі қоғамда сапалы біліммен қамтамасыз ету, адами капиталды жоғары интеллектуалдық дамыту, білім мен ғылымды мемлекет экономикасына бағыттау - мемлекет саясатының басты басымдылықтарының бірі болып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға мемлекеттік бағдарламасында үздік әлемдік тәжірибелерге сай сапалы мамандар даярлау деңгейіне қол жеткізу жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты мәселе екені атап көрсетілген.

Білім беру саласындағы қазіргі талаптар адамның еркін дамуына, оның жоғары мәдениеттілігін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағыт береді және болашақ маман даярлау ісіне жаңа қатынасты қажет етеді. Бұл жоғары оқу орындарының алдына күзиретті маман даярлау мен бәсекелестік талаптарының жаңа міндеттерін жүктейді.





Жоғарыда атап көрсетілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының ағымдағы жағдайлар бойынша *SWOT-талдау* нәтижелері қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі басымдылықтарды педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету; білім беру мазмұнын жаңарту; дуалды оқытуды енгізу; ЖОО академиялық еркіндігін кеңейту; халықаралық әріптестікке ұмтылу; академиялық ұтқырлық және шетелдік топ-менеджерлер мен ғалымдарды тарту бағдарламасын мемлекеттің қаржыландыруы; кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесі; ЖОО қос дипломды білім беру бағдарламаларының болуы және *көптілді білім беру* мәселелерін анықтайды.

Бүгінгі таңда көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. **Көптілді білім беру** – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі.

Көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі бүкіл әлемнің экономикалық, мәдени және саяси салаларының интеграциясына бет алуымен тығыз байланысты. Біздің талдауымызша, көптілді білім беру - бірнеше тілді қатар оқу арқылы арнайы білім алу, ұлттардың тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру, соның көмегімен әлемдік мәдениетке мақсатты түрде қосылу үдерісі,- деп айтуы бүгінгі көпмәдениетті мамандарды тәрбиелеу қажеттілігін нақты ескеріп отырғандығы.

Қазіргі таңда көптілділікті ендіру жаһандық білім кеңістігінде қолданылып жүрген тәжірибе болуына қарай адам қызметінің барлық салаларында, оның ішінде білім беру жүйесіне де әсер етеді. Олай болса, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, көптілділік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталады.

Көптілділік белгілі бір көпұлтты аумақта бірнеше (үш және одан да көп) тілдердің әрекет етуі ретінде түсіндіріледі; сөйлесу қажеттілігіне қарай адамның бірнеше тілді білуі мен қолдануы.

«Көптілділік» термині қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

Бұл өз кезегінде оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қояды. Осы орайда, Білім және ғылым министрлігінің педагогикалық білім беруді жаңарту мәселелеріне арналған республикалық конференциясының хаттамалық тапсырмаларын орындау қаулысы негізінде мектепке дейінгі ұйымдарға көптілді маман даярлау мәселесі осы саладағы тың бағыттардың бірі деп айтуға болады (30.10.2018ж.).

Жоғары оқу орындары алдындағы бүгінгі маман даярлау саясатының негізгі мақсаты – белгілі бір салада білімі мен біліктілігін көрсете алатын, қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, ортаға тез бейімделетін, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.



* «Әлемде Қазақстан халқы үшін тілді білетін, жоғары білімді ел ретінде таныту керек. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі».

Н.А.Назарбаев

Қазақстанның болашағы көптілді білім берумен қатар жоғары оқу орнының білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыратын мамандардың білімін жаһандық талаптарға сай жетілдіру мәселесі болып саналады. Еліміздің дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдермен экономикалық, саяси, мәдени байланыстарының нығаюы, кеңеюі шетел тілдерін жетік меңгерген білікті мамандарды қажет етуі болып отыр. Көптілді білім беру үлгісіне ауысу педагогтардың инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауын талап етеді. Нәтижесінде көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби басқаруға, дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаның қалыптасуы жүзеге асырылады. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары үш тілді: мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Ал жоғары оқу орны жағдайында студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Бұл жағдайда жоғары оқу орындарында көптілді білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредиттеуден өтуі, осы мақсатты жүзеге асыратын шетел тілдерін жетік меңгерген білікті мамандардың болуы, олардың білімін жетілдіру мәселелері, материалдық-техникалық жабдықтардың болуы бұл үдерісті жүзеге асырудың басты талаптары деп қарастырылады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде 2019-2020 жылынан 6В012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы бойынша көптілділік жүйесінде 1-2 курстар бойынша 89 студент даярлануда. 2017 жылы білім бағдарламасының «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (НААР) ұсынумен 7 жылға халықаралық аккредиттеуден өтуі үлкен жетістіктердің бірі болды. Білім бағдарламасы соңғы 3 оқу жылының ішінде стейкхолдерлер және білім алушылардың ұсынумен білім бағдарламалары 90% жаңартылды. Білім бағдарламасының жұмыс оқу жоспарлары 50% мемлекеттік тілде, 30 % ағылшын тілінде, 20% орыс тілінде жүргізілетін оқу пәндерінің көлемін құрайды. Оның ішінде, кәсіптендіру циклы бойынша «Дүниетанудағы экожүйе», «Дүниетану теориясы мен әдістемесі», «Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия», «МЖД балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі», «Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар», «Мектепке дейінгі білім беру менеджменті», «Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару», «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар» пәндері ағылшын тілінде енгізілген.




2018 жылдың 12 желтоқсанында университет жанынан «Зерек» балаларды дамыту орталығының ашылуы бВ012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы бойынша дуалды оқыту жүйесін жолға қоюға негіз болды. Орталықта 17 арнайы кабинет, ағылшын тілі, ойын және спорт залдары, сауықтыру және массаж бөлмелері жұмыс жасайды. Ашылған мерзімнен бері Білім бағдарламасының 3-4 курс студенттері толық дуалдық жүйеде еңбекақымен тәрбиеші қызметін атқара алуы студенттерге өздерінің тәрбиешілік машықтарын шыңдауға көп мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласындағы көптілді №33 «Нұрсәт» Мектепке дейінгі білім беру орталығының тәжірибелі мамандары дәріс оқып, білім бағдарламаларын жасақтауға қатысуы күзиретті мамандар даярлаудың маңыздылығын дәлелдей түседі.



Білім алушыларға бірнеше тілді меңгертуде оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандырудың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Көптілді аудиторияны оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешендер, студенттердің ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай ақ оқыту процесінде мультимедиялық бағдарламалар көмегімен, алынған ақпараттық мәліметтер, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады.

2020-2021 оқу жылында Педагогика факультетінің базасында 6В012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы студенттеріне арналған заманауи «Бәйтерек» бағдарламасымен жабдықталған 24 орындық лингафон кабинеті, «Киберпедагогика» зертханасының ашылуы көптілді мамандар даярлауда өте маңызды.

Лингафон кабинеті



«Киберпедагогика» зертханасы



IELTS
Test Report Form

NOTE: Admissions to universities and other graduate courses should be based on the ACADEMIC Reading and Writing Modules. (Optional) Speaking, Listening and Writing Modules are not required for the 12-month visa application for the purpose of study. It is recommended that the candidate's language skills are re-assessed in the Test Report Form for an admission after ten years from the date of the test.

Centre Number: K2001 Date: 08DEC2017 Candidate Number: 098951

Candidate Details

Family Name: BEGIMOVA
First Name: MALKA
Candidate ID: 03081876
Date of Birth: 20/08/1996 Sex (M/F): F Scheme Code: Private Candidate
Country or Region of Origin: KAZAKHSTAN
Country of Nationality: KAZAKHSTAN
First Language: KAZAKH

Test Results

Listening	7.5	Reading	8.5	Writing	5.5	Speaking	6.0	Overall Band Score	6.5	CEFR Level	B2
-----------	-----	---------	-----	---------	-----	----------	-----	--------------------	-----	------------	----

Administrator Comments: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Centre stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Validation stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Administrator's Signature: [Signature]
Date: 14/12/2017 Test Report Form Number: 17KZ000198GAG01A

BRITISH COUNCIL idp CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment

IELTS
Test Report Form

NOTE: Admissions to universities and other graduate courses should be based on the ACADEMIC Reading and Writing Modules. (Optional) Speaking, Listening and Writing Modules are not required for the 12-month visa application for the purpose of study. It is recommended that the candidate's language skills are re-assessed in the Test Report Form for an admission after ten years from the date of the test.

Centre Number: K2001 Date: 08JUL2017 Candidate Number: 903465

Candidate Details

Family Name: DANAKHMETOVA
First Name: DANA
Candidate ID: 03062328
Date of Birth: 07/07/1993 Sex (M/F): F Scheme Code: Private Candidate
Country or Region of Origin: KAZAKHSTAN
Country of Nationality: KAZAKHSTAN
First Language: KAZAKH

Test Results

Listening	5.0	Reading	5.5	Writing	5.0	Speaking	5.0	Overall Band Score	5.0	CEFR Level	B1
-----------	-----	---------	-----	---------	-----	----------	-----	--------------------	-----	------------	----

Administrator Comments: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Centre stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Validation stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Administrator's Signature: [Signature]
Date: 20/07/2017 Test Report Form Number: 17KZ000348DAND001A

BRITISH COUNCIL idp CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment

IELTS
Test Report Form

NOTE: Admissions to universities and other graduate courses should be based on the ACADEMIC Reading and Writing Modules. (Optional) Speaking, Listening and Writing Modules are not required for the 12-month visa application for the purpose of study. It is recommended that the candidate's language skills are re-assessed in the Test Report Form for an admission after ten years from the date of the test.

Centre Number: K2001 Date: 11FEB2020 Candidate Number: 613879

Candidate Details

Family Name: BOZDULANOVA
First Name: NAZOL
Candidate ID: 11258335
Date of Birth: 03/01/1994 Sex (M/F): F Scheme Code: Private Candidate
Country or Region of Origin: KAZAKHSTAN
Country of Nationality: KAZAKHSTAN
First Language: KAZAKH

Test Results

Listening	4.0	Reading	5.5	Writing	5.0	Speaking	4.5	Overall Band Score	5.0	CEFR Level	B1
-----------	-----	---------	-----	---------	-----	----------	-----	--------------------	-----	------------	----

Administrator Comments: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Centre stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Validation stamp: [Stamp: BRITISH COUNCIL, idp, CAMBRIDGE ENGLISH Language Assessment]

Administrator's Signature: [Signature]
Date: 13/02/2020 Test Report Form Number: 19KZ013879BQZM001A

BRITISH COUNCIL idp Cambridge Assessment English

Оқу процесін жүйелі түрде жетілдіру, тәжірибе алмасу сабақтары, пікір-сайыстар, семинарлар мен конференциялар, дөңгелек үстелдер мен кездесулерді үштілде өткізу тәжірибесі болашақ мамандар үшін аса қажет жағдайлар. Осы орайда, кафедра оқытушылары Н.Е.Бозғұланова (5.5), Д.Б.Рыспаева (6.0), М.М.Бегимова (6.5) тілдік дайындық курстарынан өтіп, IELTS халықаралық сертификаттарына ие болуы бұл жұмыстарды ұйымдастыруда үлкен көмегін тигізіп отыр.

Көптілді оқытуды дамыту білім кеңістігін кеңейтуді, тәжірибе алмасуды, қоғамда тиімді бола алатын көптілді тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Білімді, саналы, көпмәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін маманды қалыптастыру ісінде әрбір жоғары оқу орны жаңашылдыққа ұмтылуы кәсіби сұранысымыз да арта түсуіне септігін тигізері сөзсіз.